

Бекітемін
Мектеп директоры
Сарсембаева Б.В.
« 2025 ж.



**2025 жылдың ақпан айындағы
Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейіндегі бракеражды комиссия
жұмысының қорытындысы туралы анықтама.**

Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің бракеражды комиссиясы 2025 жылдың ақпан айында 4 мәрте кездесіп, 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы, «Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1032 қаулысы негізінде, мектеп асханасында оқушылардың тамақтануының мониторингісін жүргізді.

- Мектеп асханасына тасымалданатын азық-түлік сапасы, азық-түліктің дайындалу мерзімі және қатыру камерасында сақтау мерзімі санитарлық нормаларға сай келеді. Азық-түлікті сақтауға қажетті температуралық режим сақталады. Тоңазытқыштар және мұздатқыш камералар жұмыс жағдайында, көкөністер талапқа сай сақталады.
- Бракеражды журналдар уақыты толтырылады, дайындалатын тағамдар ас мәзіріне сай, тағамдардың өлшемі талапқа сай.
- Тамақтандыру бөлімі, асхананың және қоймалардың жағдайы санитарлық талаптарға сәйкес.
- Ыдыс аяқтар талапқа сай, сынғаны жоқ. Ас құралдарының сақталуы, яғни тұтқалары жоғары, Ыдыс аяқ сөрелерде сақталады, қосымша ыдыс аяқ жиынтығы бар.
- Дезинфекциялық ерітіндіні еріту талапқа сай жүргізіледі. Ыдыс-аяқты жууға және асхана жиһаздарын тазалауға қажетті жуғыш заттар жеткілікті мөлшерде бар. Жуғыш заттардың сақталу мерзімі көрсетілген. Жуғыш заттардың қоры жеткілікті.
- Асхана қызметкерлерінің арнайы киімдері талапқа сай. Ауыстырып киетін арнайы киімдер бар. Асхана жұмысшыларының бетперделері және қолғаптары бар.
- Азық-түліктердің барлығына сертификаттар бар, орауларында сақталу мерзімдері көрсетілген.
- Су іші режимі үзіліссіз сақталады.
- Дайын тағамдардың тәуліктік үлгілері бар. Тоңазытқыштың температуралық режимі сақталады.
- Оқушылардың тамақтануы кестеге сай жүргізіледі. Ас мәзірі мектеп-лицейі директорымен келісілген, тағамдар ас мәзіріне сай әзірленеді. Буфеттік тағамдардың бағасы көрсетілген.
- Асханада тамақтануға қатысы жоқ тауарлар жоқ. Тыйым салынған өнімдер жоқ. Дайын тағамдар және мөлшері талапқа сай.

Қорытынды: комиссия тарапынан ескерту жоқ, тағамдар дәмді және тойымды.

Ұсыныс: оқушылардың денсаулығын сақтау бағдарламасы аясында тамақтандыру сапасы үнемі комиссия мүшелерінің қатаң бақылауында болсын.